

БЕКІТЕМІН
«Медициналық технологиялар және
ақпараттық жүйелер орталығы»
акционерлік қоғамының
Президенті
Е.Н. Дәуенов
2026 жыл



ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Пайдаланушылық келісім (бұдан әрі – **Келісім**) Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – **Орындаушы**) тиесілі **CmtisEdu** білім беру платформасын (бұдан әрі – **Портал**) пайдалану шарттарын, сондай-ақ Порталды пайдалану кезінде Пайдаланушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

1.2. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – **ҚР АҚ**), 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ «Киберқауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Орындаушының ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.3. Порталды пайдалану Пайдаланушының осы Келісімнің талаптарымен толық әрі сөзсіз келісетінін білдіреді. Осы Келісімнің талаптарымен келіспеген жағдайда Пайдаланушы Порталды пайдалануды тоқтатуға міндетті.

1.4. Осы Келісім Порталды пайдалану мақсаттарына, тіркелуінің болуына немесе білім беру қызметтерін сатып алуына қарамастан, Порталды пайдаланатын барлық тұлғаларға қолданылады.

1.5. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге байланысты қатынастар Жария оферта шартымен реттеледі. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу және банк картасымен төлем жасаған кезде ақшалай қаражатты қайтару мәселелері Білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібімен реттеледі. Дербес деректерді өңдеу Құпиялылық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

1.6. Орындаушы осы Келісімге біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Егер Келісімнің жаңа редакциясын жариялау кезінде өзге мерзім көрсетілмесе, Келісімнің жаңа редакциясы Порталда орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:

Орындаушы — Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы, Порталды әкімшілендіруді жүзеге асыратын және Портал арқылы білім беру қызметтерін көрсететін ұйым.

Портал — Интернет желісінде <https://cmtisedu.kz> мекенжайында орналастырылған, қашықтан оқытуды ұйымдастыруға, білім беру бағдарламаларын басқаруға, тестілеуден өтуге, сертификаттар алуға және өзге де сервистерді пайдалануға арналған **CmtisEdu** білім беру платформасы.

Пайдаланушы — тіркелу, білім беру қызметтерін сатып алу немесе оқудан өту фактісіне қарамастан, Порталды пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға.

Тіркелген пайдаланушы — тіркеу рәсімінен өткен және Порталда есептік жазбасы бар Пайдаланушы.

Жеке кабинет — Пайдаланушы аутентификациядан өткеннен кейін қолжетімді болатын, Портал сервистерін пайдалануға, оқудан өтуге, оқу нәтижелері туралы ақпарат алуға және өзге де функцияларды жүзеге асыруға арналған Порталдың жеке бөлімі.

Білім беру бағдарламасы — Порталда орналастырылған оқу курсы, біліктілікті арттыру бағдарламасы, тестілеу, сертификаттау немесе өзге де білім беру қызметі.

Контент — Порталда орналастырылған кез келген мәтіндік, графикалық, аудио, бейне, мультимедиялық материалдар, бағдарламалық код, дерекқорлар, тест тапсырмалары, құжаттар, кескіндер және өзге де объектілер.

Есептік жазба — Пайдаланушыны сәйкестендіруге және Порталдың функционалдық мүмкіндіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге қажетті Пайдаланушының тіркеу деректерінің жиынтығы.

2.2. Осы Келісімде пайдаланылатын өзге де терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жария оферта шартында, Құпиялылық саясатында және Орындаушының өзге де құжаттарында айқындалған мәндерде колданылады.

3. ЕСЕПТІК ЖАЗБАНЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

3.1. Порталдың жекелеген функционалдық мүмкіндіктерін пайдалану үшін, егер Порталдың функционалдық мүмкіндіктерінде өзгеше көзделмесе, Пайдаланушы тіркеу рәсімінен өтіп, есептік жазба жасайды.

3.2. Тіркеу кезінде Пайдаланушы есептік жазбаны жасау үшін қажетті шынайы, өзекті және толық ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ мұндай ақпарат өзгерген жағдайда оны уақтылы жаңартуға міндеттенеді.

3.3. Пайдаланушы өзінің есептік деректерінің (логиннің, құпиясөздің және өзге де аутентификация құралдарының) құпиялылығын дербес

қамтамасыз етеді және өзінің есептік жазбасын пайдалану арқылы жасалған барлық әрекеттер үшін жауапты болады.

3.4. Пайдаланушы өзінің есептік жазбасына рұқсатсыз қол жеткізу фактілері немесе есептік деректердің қауіпсіздігіне нұқсан келтірілді деген күдік туындаған жағдайда, бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге міндетті.

3.5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Орындаушымен жасалған жазбаша келісімде өзгеше көзделмесе, есептік жазбаны, логинді, құпиясөзді үшінші тұлғаларға беру не Жеке кабинетке қол жеткізуге мүмкіндік беру тыйым салынады.

3.6. Орындаушы мынадай жағдайларда Пайдаланушының есептік жазбасына қол жеткізуді тоқтата тұруға, шектеуге немесе тоқтатуға құқылы:

- осы Келісім талаптарын бұзған жағдайда;
- Жария оферта шартының талаптарын бұзған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда;
- тіркеу кезінде анық емес немесе жалған мәліметтер ұсынған жағдайда;
- есептік жазбаның рұқсатсыз пайдаланылу белгілері анықталған жағдайда;
- Порталдың ақпараттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттер жасалған жағдайда.

3.7. Егер бұл Порталдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе есептік жазбаға қол жеткізуді қалпына келтіру үшін қажет болса, Орындаушы Пайдаланушыдан оның жеке басын және есептік жазбаға тиесілігін растауға қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.

3.8. Пайдаланушы Орындаушы белгілеген тәртіппен есептік жазбаға қол жеткізуді қалпына келтіру мәселелері бойынша Орындаушыға жүгінуге құқылы.

4. ПОРТАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

4.1. Пайдаланушы Порталды тек Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Келісімге, Жария оферта шартына және Порталды пайдалануды реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес пайдалануға міндеттенеді.

4.2. Порталды пайдалану кезінде Пайдаланушы:

- Порталдың функционалдық мүмкіндіктерін олардың мақсаттарына сәйкес пайдалануға;
- қолжетімділігі берілген білім беру бағдарламалары бойынша оқудан өтуге;
- егер бұл білім беру бағдарламасында көзделсе, тестілеуден, аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуге;
- тиісті білім беру бағдарламасының талаптары сақталған жағдайда оқу туралы құжаттарды, сертификаттарды және оқыту нәтижелерін растайтын өзге де құжаттарды алуға;
- Порталдың жұмыс істеуіне қатысты мәселелер бойынша техникалық қолдау қызметіне жүгінуге құқылы.

4.3. Пайдаланушы:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;
- осы Келісімнің және Орындаушының өзге де құжаттарының талаптарын сақтауға;
- Порталдың қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;
- Порталды тек заңды мақсаттарда пайдалануға;
- Порталдың басқа пайдаланушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге міндетті.

5. ПОРТАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ШЕКТЕУЛЕР

5.1. Порталды пайдалану кезінде Пайдаланушыға:

5.1.1. Логинді, құпиясөзді, есептік жазбаны үшінші тұлғаларға беруге немесе өзге де тәсілмен өзінің Жеке кабинетіне қолжетімділікті ұсынуға;

5.1.2. Басқа Пайдаланушылардың есептік жазбаларын олардың келісімінсіз немесе заңды негіздерсіз пайдалануға;

5.1.3. Орындаушының немесе өзге құқық иеленушінің жазбаша рұқсатынсыз Портал материалдарын көшіруге, қайта шығаруға, таратуға, жариялауға, үшінші тұлғаларға беруге, уақытша пайдалануға ұсынуға немесе өзге де тәсілмен пайдалануға;

5.1.4. Егер Орындаушы тікелей өзгеше көздемесе, білім беру материалдарын, бейнедерістерді және Орындаушының зияткерлік меншік объектілерін фотосуретке түсіруге, аудио немесе бейнежазба жасауға;

5.1.5. Ақпаратты автоматтандырылған түрде жинауға, материалдарды жаппай жүктеп алуға немесе Порталдың жұмысына араласуға бағытталған бағдарламалық құралдарды, автоматтандырылған сценарийлерді (скрипттерді), боттарды, парсерлерді немесе өзге де технологияларды пайдалануға;

5.1.6. Порталдың жұмыс қабілеттілігін бұзуға, ақпараттық жүйелерге рұқсатсыз қол жеткізуге, құпиясөздерді іріктеуге, ақпаратты қорғау құралдарын айналып өтуге немесе Порталдың бағдарламалық-техникалық құралдарына шамадан тыс жүктеме жасауға бағытталған әрекеттерді жасауға;

5.1.7. Портал арқылы зиянды бағдарламалық қамтамасыз етуді, вирустарды, бағдарламалық кодты немесе Порталдың не Пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінің жұмысына зиян келтіруі мүмкін өзге де құралдарды қамтитын ақпаратты орналастыруға, беруге немесе таратуға;

5.1.8. Порталды Қазақстан Республикасының заңнамасына, қоғамдық тәртіпке, мораль қағидаттарына қайшы келетін немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын мақсаттарда пайдалануға;

5.1.9. Өзін басқа тұлға немесе ұйым өкілі ретінде көрсетуге не тіркелу немесе Порталды пайдалану кезінде анық емес мәліметтерді пайдалануға;

5.1.10. Орындаушының немесе өзге құқық иеленушілердің зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын кез келген әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

5.2. Осы Келісім талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, Орындаушы алдын ала хабарламай-ақ Пайдаланушының Порталға

қолжетімділігін шектеуге немесе тоқтата тұруға, ал елеулі немесе қайталанған бұзушылықтар болған жағдайда есептік жазбаға қолжетімділікті тоқтатуға құқылы.

5.3. Осы Келісімде көзделген негіздер бойынша Порталға қолжетімділікті шектеу немесе тоқтату Пайдаланушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершіліктен босатпайды.

6. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

6.1. Порталда орналастырылған барлық зияткерлік меншік объектілері, оның ішінде білім беру бағдарламалары, мәтіндер, суреттер, графикалық материалдар, бағдарламалық код, дерекқорлар, аудио және бейнематериалдар, тест тапсырмалары, дизайн, логотиптер, тауар белгілері және өзге де материалдар (бұдан әрі – **Контент**) зияткерлік меншік объектілері болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады.

6.2. Контентке айрықша құқықтар Орындаушыға немесе Орындаушыға оны пайдалануға құқық берген өзге де құқық иеленушілерге тиесілі.

6.3. Пайдаланушыға Контентке қолжетімділік беру зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың берілуін немесе иеліктен шығарылуын білдірмейді.

6.4. Пайдаланушы Контентті тек жеке білім алу мақсатында, Порталдың функционалдық мүмкіндіктері және өзіне берілген қол жеткізу құқықтары шегінде ғана пайдалануға құқылы.

6.5. Орындаушының алдын ала жазбаша келісімінсіз Пайдаланушыға:

- Контентті көшіруге, қайта шығаруға, таратуға, жариялауға немесе өзге де тәсілмен пайдалануға;
- Контентті өзгертуге, қайта өңдеуге немесе оның негізінде туынды шығармалар жасауға;
- Контентті коммерциялық мақсаттарда пайдалануға;
- авторлық, құқық иеленушілер туралы мәліметтерді және авторлық құқықтарды қорғау құралдарын алып тастауға немесе өзгертуге тыйым салынады.

6.6. Зияткерлік меншік құқықтары бұзылған жағдайда Орындаушы осы Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды, оның ішінде Порталға қолжетімділікті шектеуді қолдануға, сондай-ақ өз құқықтарын қорғау үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жүгінуге құқылы.

7. АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

7.1. Пайдаланушы Порталды оның жұмыс қабілеттілігін, ақпараттық қауіпсіздігін, деректердің тұтастығын және басқа Пайдаланушылардың құқықтарын бұзбайтын тәсілдермен пайдалануға міндетті.

7.2. Пайдаланушыға Порталдың қауіпсіздігін бұзуға бағытталған әрекеттерді жасауға, оның ішінде:

- Порталдың бағдарламалық қамтамасыз етуіне, дерекқорларына, серверлеріне, есептік жазбаларына немесе өзге де ақпараттық ресурстарына рұқсатсыз қол жеткізуге;

- аутентификация, авторизация және ақпаратты қорғаудың өзге де тетіктерін айналып өтуге әрекет жасауға;

- Орындаушының алдын ала жазбаша келісімінсіз Порталдың осалдықтарын сканерлеуге, зерттеуге немесе тестілеуге;

- Порталдың қалыпты жұмысын бұзуға қабілетті бағдарламалық құралдарды, оның ішінде зиянды бағдарламалық қамтамасыз етуді, құпиясөздерді автоматтандырылған іріктеу құралдарын, сұраныстарды генерациялау құралдарын немесе өзге де ұқсас құралдарды пайдалануға;

- бағдарламалық қамтамасыз етудің, желілік инфрақұрылымның, дерекқорлардың және Порталдың өзге де құрамдас бөліктерінің жұмысына араласуға тыйым салынады.

7.3. Орындаушы Порталда орналастырылған ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орындаушының ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты қорғаудың ұйымдастырушылық және техникалық шараларын қолдануға құқылы.

7.4. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Орындаушы Порталдағы Пайдаланушылардың әрекеттері туралы мәліметтерді, оның ішінде авторизация туралы мәліметтерді, функционалдық мүмкіндіктерді пайдалану туралы ақпаратты, ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын және ақпараттық ресурстарды қорғауды қамтамасыз етуге, ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін тергеп-тексеруге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға қажетті өзге де әрекеттер туралы мәліметтерді тіркеуге және сақтауға құқылы.

7.5. Порталдың ақпараттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттер анықталған жағдайда, Орындаушы мән-жайлар анықталғанға және анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін Пайдаланушының Порталға қолжетімділігін алдын ала хабарламай-ақ уақытша шектеуге немесе тоқтата тұруға құқылы.

7.6. Пайдаланушы өзіне белгілі болған есептік жазбасына рұқсатсыз қол жеткізу фактілері, анықталған осалдықтар, техникалық қателер немесе Порталдың қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін өзге де мән-жайлар туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге міндетті.

7.7. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Келісімге және Порталды пайдалануды реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады.

7.8. Орындаушы Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзбай, күмәнді белсенділікті автоматтандырылған түрде анықтау және оның алдын алу құралдарын, оның ішінде оқиғалар журналдарын талдауды, рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттерін бақылауды, аномальды белсенділікті анықтауды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзге де құралдарын пайдалануға құқылы.

8. ПОРТАЛДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

8.1. Орындаушы Порталдың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды, алайда оның үздіксіз және қатесіз жұмыс істеуіне кепілдік бермейді.

8.2. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту, жаңарту, профилактикалық, жоспарлы немесе авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Орындаушы Пайдаланушыларды алдын ала хабардар етпей, Порталға қолжетімділікті толық немесе ішінара уақытша шектеуге құқылы.

8.3. Орындаушы мынадай жағдайлардың салдарынан Порталды пайдалану мүмкін болмағаны үшін жауапты болмайды:

- Пайдаланушының Интернет желісіне қолжетімділігінің болмауы;
- Пайдаланушының жабдығының, бағдарламалық қамтамасыз етуінің немесе байланыс құралдарының ақаулығы;
- байланыс операторларының, интернет қызметтерін жеткізушілердің және өзге де үшінші тұлғалардың әрекеттері;
- еңсерілмейтін күш мән-жайлары;
- Орындаушыға тәуелді емес өзге де мән-жайлар.

8.4. Ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлер анықталған немесе техникалық ақауларды жою қажеттілігі туындаған жағдайда, Орындаушы Порталдың жекелеген сервистерінің жұмысын уақытша тоқтата тұруға құқылы.

9. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

9.1. Пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеуді Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Порталда орналастырылған Құпиялылық саясатына сәйкес жүзеге асырады.

9.2. Порталды пайдалана отырып, Пайдаланушы Құпиялылық саясатымен танысқанын растайды және Порталдың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, білім беру қызметтерін көрсету және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті көлемде өзінің дербес деректерін өңдеуге келісім береді.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10.1. Пайдаланушы Порталды пайдалану кезінде осы Келісімнің талаптарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтағаны үшін жауапты болады.

10.2. Пайдаланушы өзінің есептік деректерінің сақталуына, сондай-ақ өзінің есептік жазбасын пайдалану арқылы жасалған барлық әрекеттер үшін дербес жауапты болады.

10.3. Пайдаланушы тіркелу және Порталды пайдалану кезінде ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

10.4. Орындаушы:

- Порталда сілтемелері орналастырылуы мүмкін үшінші тұлғалардың ақпараттық ресурстарының мазмұны үшін;
- Орындаушыға тәуелді емес себептер бойынша Порталды пайдалану мүмкін болмағаны үшін;
- Пайдаланушының осы Келісімнің талаптарын немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуынан туындаған залалдар үшін;
- егер мұндай қол жеткізу Пайдаланушының өзінің есептік деректерінің құпиялылығын қамтамасыз ету талаптарын бұзуы салдарынан мүмкін болған болса, үшінші тұлғалардың Пайдаланушының есептік жазбасына заңсыз қол жеткізуіне байланысты әрекеттері үшін жауапты болмайды.

10.5. Пайдаланушы осы Келісімнің талаптарын бұзған жағдайда, Орындаушы осы Келісімде, Жария оферта шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

11. ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

11.1. Орындаушы мынадай жағдайларда Пайдаланушының Порталға қолжетімділігін толық немесе ішінара шектеуге, тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы:

- осы Келісімнің талаптарын бұзған жағдайда;
- Жария оферта шартының талаптарын бұзған жағдайда;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда;
- зияткерлік меншік құқықтарын бұзған жағдайда;
- анық емес немесе жалған мәліметтер ұсынған жағдайда;
- есептік жазбаға рұқсатсыз қол жеткізу белгілері анықталған жағдайда;
- Порталдың ақпараттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттер жасаған жағдайда.

11.2. Порталға қолжетімділікті шектеу немесе тоқтату Пайдаланушыны мұндай шектеу немесе тоқтату енгізілгенге дейін туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

11.3. Қолжетімділікті шектеуге негіз болған мән-жайлар жойылған жағдайда, Орындаушы Пайдаланушының Порталға қолжетімділігін қалпына келтіруге құқылы.

12. ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

12.1. Орындаушы осы Келісімге кез келген уақытта өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

12.2. Келісімнің жаңа редакциясы жарияланғаннан кейін Порталды пайдалануды жалғастыру Пайдаланушының енгізілген өзгерістермен келісетінін білдіреді.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

13.2. Осы Келісімді орындауға байланысты туындайтын даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

13.3. Егер осы Келісімнің қандай да бір ережесі жарамсыз немесе заңды күші жоқ деп танылса, бұл Келісімнің қалған ережелерінің жарамдылығына әсер етпейді.

13.4. Осы Келісімде реттелмеген барлық мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жария оферта шартын, Құпиялылық саясатын және Порталды пайдалануды реттейтін өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

13.5. Осы Келісім, егер Орындаушы өзгеше мерзімді көрсетпесе, Порталда орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Келісімнің жаңа редакциясы да осы тәртіппен күшіне енеді.

14. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

14.1. Байланыс ақпараты:

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының **«Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы**

Заңды мекенжайы: Астана қаласы, КЕНЕСАРЫ, 63

БСН: 120940001946

Телефон: 75-37-04, 75-37-03, 75-37-13

E-mail: cmtis@cmtis.udp-rk.kz

Ресми сайт: <https://cmtisedu.kz>